

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 317 (2018), 144 – 148

UDC 336.02

Ғ.Е. Керімбек¹, К.Б. Сатымбекова², З.О.Иманбаева³, Б.Б. Доскалиева⁴,

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва), г. Астана;

²Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова (ЮКГУ им. М.Ауэзова), г. Шымкент;

³Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, г.Актобе;

⁴АО «Финансовая академия», г. Астана

kerimbek2009@mail.ru), satymbekova72@mail.ru), utegen_z_78@mail.ru), doskalievab@mail.ru

**ӘЛЕМНІҢ ДАМЫҒАН 30 ЕЛІНІҢ ҚҰРАМЫНА КІРУДЕ «АСТАНА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ**

Аннотация. Бұл мақалада Астана халықаралық қаржы орталығының «Қазақстан 2050 стратегиясына сәйкес», әлемнің 30 дамыған мекелекетіне кіру рөлі қарастырылған. Халықаралық қаржы орталығының 6 жолдамасы бар: нарықтық капиталды дамыту, активтерді басқару, қалталы азаматтардың әл-ауқаттық жағдайын басқару, ислам қаржысы, жаңа қаржылық технологиялар, жасыл қаржы. Астана қаржы орталығы Орталық Азия аймақтарының негізгі қаржылық инфрақұрылымы болып табылмақ. Сонымен қатар, Астана Халықаралық қаржы орталығы экономикалық өсімді қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады.

Тірек сөздер: қаржы нарығы, капитал, актив, ислам қаржысы, жасыл қаржы.

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2050 жылға қарай республикамыздың әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөнінде жаңа стратегиялық мақсат қойылды.

Қазіргі болжамдарға сәйкес Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге болады. Ол үшін елімізге табиғи және адами ресурстарды, капиталды пайдаланудың, институционалдық ортаны және аумақтық дамуды жетілдірудің бағыттары туралы түйінді шешім қабылдау қажет [1].

Стратегия 5 басымдықтан тұрады, соның үшінші басымдығы – макроэкономикалық тұрақтылық және еліміздің қаржы секторын «қайта жаңғырту» болып табылады. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізіледі.

Елбасы 5 институционалды реформаны жүзеге асыру аясындағы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 70-қадамында – Астана ЭКСПО-2017 инфрақұрылымы негізінде Астана халықаралық қаржы орталығын құру міндетін атап көрсеткен болатын [2].

Нұрсұлтан Назарбаев өз жолдауында: «Мен «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Ол жеңілдетілген салық режимі және тәуелсіз қаржылық сотымен ағылшын құқығы қағидаттарына сәйкес құрылатын болады. Біз «Астана» қаржы орталығы Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының ядросы, содан кейін бүкіл Орталық Азия өңірі үшін қаржылық хабқа айналатындығына сенімдіміз», - деген болатын.

Қаржы орталығы ретінде қазақ елінің бас қаласы әлемде қандай орын ала алады? Біріншіден, Еуразияның қақ ортасында орналасқан Астананың айналасында – 2 мың шақырымдық радиуста ешқандай қаржы орталығы жоқ.

Екіншіден, Елбасы «Астана» халықаралық қаржы орталығының қазіргі заманда жаңаша дамып жатқан және тек жүктің ғана емес, сондай-ақ капиталдың алапат ағыны жүретін Ұлы Жібек жолы бойында орын тепкеніне назар аудартады.

Үшіншіден, бүкіл Орталық Азияда Астанадан басқа бірде-бір бас қала не ірі шаһар «халықаралық қаржы орталығына» айналуға ұмтылып отырған жоқ.

Айта кету керек, астаналық қаржылық орталықтың бұған дейінгі дүниежүзіндегі насихаты да келісті болды. Өйткені ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесіне 112 мемлекет пен 12 халықаралық ұйым қатысқаны мәлім. Солардың барлығы көрме аяқталған соң, оның орнында «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) құрылатынын білді.

Таяуда қазақстандық және шетелдік ақпарат құралдары өкілдеріне арнап, баспасөз конференциясын өткізген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осы жайтқа тоқтала келе, әлемдік қаржы институттары, ислам банктері осында жұмыс істеуге келіскенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы АХҚО-ны Еуразия мен Орталық Азияға «бас қақпа» ретінде атап өтті. Бұған қоса, оны Еуразия өңіріндегі ірі қаржы хабына айналдыру көзделіп отыр. Нақтырақ тоқтала кетсек, АХҚО қызметі аясында 6 басымдықты бағытты дамыту жоспарлануда. Олардың ішіндегі ең бастысы – капиталдар нарықтарын өркендету болмақ.

«Қазақстандық қаржы секторы, негізінен, банк институттарының және азаматтармен өзара іс-қимылдың басқа да дәстүрлі құралдарының жұмысына шоғырландырылған. Біз болсақ, «банктік емес қаржылық қауымдастықты» құру бағытында жұмыс істеп жатырмыз және бұл мәселеде капитал нарықтары Қазақстанның қаржы секторындағы жағдайды елеулі түрде жақсартады, сондай-ақ біздің өңірде қор нарықтарын дамыту үшін аймақтық алаңды түзеді.

Елордамыздағы қаржы орталығының 2 және 3 басымдықтары бір-бірімен тығыз байланысты: бұлар – «жекеменшік және мемлекеттік активтерді, қорларды басқару және жеке тұлғалардың әлауқатын басқару» болып келеді.

4-бағыт – «исламдық қаржыландыру» болмақ. Биылғы жылы ислам ынтымақтастығының бірқатар ірі саммиттері әлемде және Қазақстанда өткізілді. Исламдық қаржыландыру бағытында Қазақстанның Орталық Азияда да, жалпы Еуразия өңірінде де көш бастаушы ел болуға мүмкіндігі бар.

АХҚО қызметінің 5-үлкен бағыты – «жаңа қаржы технологияларын» қамтуға тиіс. Мемлекет басшысы жақында Қазақстан экономикасын цифрландыру мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізгені мәлім. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы Үкімет жұмысындағы аса маңызды әрі басымдықты бағыттардың бірі болып табылады. Бұдан бөлек, Елбасы АХҚО басшылығына орталықты «жаңа қаржы технологияларын дамыту бойынша жетекші сараптама орталығына айналдыру» туралы тапсырма берді.

6-бағыт ретінде «жасыл қаржыландыру» құралдарын енгізу мен дамытуды қарастырады. Осыған орай күні кешегі «Астана ЕХРО – 2017» жоғары технологиялық алаңы енді жасыл технологиялар саласында зерттеулер жүргізу үшін инфрақұрылымды, ал АХҚО – оның қаржылық құрамдас бөлігін ұсынуға тиіс болады.

Бұл қызмет бағыттарын тиісті құрылымдарсыз жүзеге асыру қиын. Әр салаға жеке жауап беретін тұлғалар мен ұйымдар болғаны жөн. Осы мақсатта, АХҚО аумағында ұйым қызметін реттеумен айналысатын бірнеше мамандандырылған орталық құрылмақ.

Ағымдағы жылы өткен шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысында «Астана» халықаралық қаржы орталығы мәселесі талқыланған болатын. Онда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қаржы орталығының өте күрделі жоба екенін, сонымен қатар, Қазақстан үшін аса маңызды қадам екеніне де мән берген еді. «Болашаққа көз жібере отырып, біз «Астана халықаралық қаржы орталығын» инвестициялық капитал тартатын және қаржылық әдіс-тәсілдер саласындағы инновациялар орталығы ретінде көргіміз келеді. «Астана» халықаралық қаржы орталығы Еуразияның «қаржы қақпасына» айналуы керек», - деді Н. Назарбаев.

Қазақстан шетел инвестицияларын тарту ісіндегі көшбасшылығын сақтап қалуы қажет. «Астана» халықаралық қаржы орталығы ел экономикасына қаржы ресурстарын тартуда маңызды рөл атқаруға тиіс.

«Халықаралық қоғамдастыққа интеграциялану және шетелдік инвесторлар үшін бизнес жүргізуді жеңілдету мақсатында» «Астана» халықаралық қаржы орталығының негізгі жұмыс тілі ағылшын тілі болып бекітілген, осының өзі болашақта қаржы саласына маманданған жаңа буынның бәсекеге қабілеттілігі арта түседі деген сөз.

Сонда, АХҚО шетелдік инвесторларды қалай тартуға ниетті? Ол жаһандық нарықтарға не ұсына алады? Орталықтың шетелдік инвесторларды жеңілдіктер мен қолайлы жағдайлар жасаумен тартуды көздеп отыр.

Астана Орталық Азия, Еуразиялық экономикалық одақ өңірлерінде, сонымен қатар «Бір белдеу – бір жол» бастамасы бойынша ынтымақтастық бағытында қаржылық және технологиялық хаб рөлін атқара алады. АХҚО аясында инвесторларға ұсынылатын жеңілдіктер Дубай және Абу-Даби тәжірибелерінен алынған. Бізде де корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы бойынша 50 жылға жеңілдіктер болады. Бұл жеңілдіктер дүниежүзіндегі өзге қаржы орталықтарындағымен бірдей.

Бұдан өзге, инвесторларға қолайлы визалық қолдау көрсетілмек. Атап айтқанда, қаржы орталығының қатысушыларына және олардың отбасы мүшелеріне қай елден келгеніне қарамастан, ұзақмерзімді – 5 жылдық виза ұсынылады.

Халықаралық қаржы институттары алдағы 5 жылда Қазақстанда кәсіпкерлікті, қаржы секторын, инфрақұрылымды, электр энергетикасын дамыту, институттық реформалар жүргізу үшін елге 9 млрд. долларға жуық инвестиция салатыны болжанған. Ал индустрияландыру бағдарламасы аясында 10 млрд. долларға жуық шетелдік инвестиция тартылатыны жоспарланып отыр. Бұнымен қоса, елімізде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы стандарттары енгізіліп, инвестициялық ахуалды жақсарту түсу жұмыстары қолға алынған. 2025 жылға дейін 40 миллиард долларға дейін инвестициялар тартылады деп күтілуде.

Тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, сондай-ақ ағылшындық жалпы құқық қағидалары мен ережелері іске қосылуы үшін бірінші кезекте тиісті институттарды құру қажет. Осындай маңызды институттардың бірі – біздің орталықтың қаржы ұйымдарының қызметін реттеумен айналысатын Қаржы қызметтерін реттеу комитеті болады. Сондай-ақ жыл соңына дейін Халықаралық арбитраждық орталық пен тәуелсіз қаржылық сот құрылады.

Биылғы жыл соңына дейін АХҚО-ның жаңа биржасы іске қосылатын болады. Ол жетекші биржалық алаңдардың тәжірибесіне негізделген өзін-өзі реттеу шараларына сәйкес жұмыс істемек. АХҚО-ның технологиялық саладағы стратегиялық серіктесі NASDAQ биржасы болады, ол капиталдануы бойынша әлемде үшінші орынды алады және қазақстандық биржа үшін сенімді тұғырнама-платформаға айналады.

Сонымен қатар біздің нарықтарымызға қаражат тарту үшін тағы бір стратегиялық серіктеспен – Шанхай қор биржасымен келісімге қол қойылған.

Бұлар сыртында шетел инвесторларына қолдау көрсетудің мамандандырылған халықаралық виза орталығы құрылмақ. Оның жұмысшы атауы – «АХҚО-ның Экспат орталығы» деп белгіленіпті. Себебі, заңнама бойынша «Астана» қаржы орталығы үшін шетелдік мамандарға жеңілдетілген визалық және еңбек режимі енгізіліп отыр. Ал «Экспат орталығы» АХҚО-ның шетелдік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін Қазақстанға кірудің қолайлы шарттарын түзеді, сондай-ақ оларды егер қаласа, жергіліктілендіруге, яғни, Қазақстан азаматтығын алуына жағдай жасайды. Сондай-ақ тіркелу, салық салу және басқа да мәселелер осында шешіледі деп күтілуде.

Сонымен бірге, АХҚО-ның қазақстандық қаржы жүйесінде цифрлық технологияларды дамытуға көп көмегін тигізеді. Қаржылық технологияларды ілгерілету және оларға дамуға мүмкіндік беретін экожүйені құру АХҚО-ны дамытуға бағытталған бес стратегиялық бағыттың біріне жауап береді.

Соңғы жылда қаржылық технологиялар компанияларының саны 8 мыңға дейін, ал криптовалюталар саны 800 түрге дейін артты. Бұл ретте іске қосылған криптобиржалардың саны 110-нан асады. Бұл қарқынды өсім екпінді өзгерістердің ұстынына айналады. Осыған байланысты АХҚО да жаңа қаржылық-технологиялық шешімдерді ілгерілетуді және оларды дамытуға мүмкіндік беретін қолайлы экожүйені құруды нысанаға алып отыр.

Қазақстанда қаржылық технологияларды дамыту бағытында АХҚО-да негізгі 3 міндет анықталды: бұлар – «криптовалюталар нарығын реттеу», «қаржы технологиялары саласында жаңа технологияларды дамыту, тестілеуден өткізу және қолдау үшін қажетті реттеу «жәшігін» түзу» және «Қазақстанда қаржылық технологиялар стартаптарын қолдауға жағдай жасау».

АХҚО «бүкіл әлемнен инновациялық шешімдерді, жаңа идеяларды жинақтайтын жалғыз орынға» және «қаржылық технологияларды дамыту тұрғысынан жаһандық компаниялардың өзара іс-қимыл платформасына айналатын болады.

FinTech бойынша жаңа идеяларды ынталандыру және инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін АХҚО базасында бейінді стартаптар үшін акселерациялық бағдарламасы бар хабты іске қосу

жоспарланып отырған көрінеді. АХҚО-ның «FinTech орталығы» 7 технологиялық бағытты – «жаңа буындағы төлем жүйесі», «онлайн несиедендіру» (P2P платформалары), «блокчейн және криптовалюта», «қауіпсіздік пен биометрлік сәйкестендіру», «робо-эдвайзинг», «қаржылық қолжетімділікті арттыру» және «жасанды интеллект» бағыттарын зерттеп, елімізде өркендетуге бағдарлануда [3].

Халықаралық қаржы орталығы Дубай моделі бойынша жұмыс істейді. Дубай – әлемдегі ең сәулетті, дүниедегі ең дәулетті қалалардың бірі. Даму деңгейі жыл санап артып жатқан шығыстың шырайлы шаһары демалушылардың сүйікті орнына айналып қана қоймай, жаһандық бизнес туризмінің ордасына айналды. Себебі, Әмірлік шетелдік инвесторлар үшін бар жағдайды жасады. Қаланың қарқынды дамуына серпін берген жобалардың бірі - Дубай халықаралық қаржы орталығы. Дубай қаржы орталығы «Dubai International Financial Centre» (DIFC) – салық жеңілдігі қарастырылған оффшорлық аймақ 2004 жылдан бері табысты қызмет етіп келе жатыр. Оффшор деп отырғанымыз – салықтарды оңтайландыру әдістерінің бірі. Халықаралық қаржы орталығы инвесторларға бар жағдайды жасаған. Алдымен салықтан босатты, сосын ағылшын үлгісіндегі құқық жүйесін енгізді.

Дубай халықаралық қаржы орталығы жергілікті заңнамаларға бағынышты емес. Ұлыбританияның қаржы қызметтері агенттігі жасаған өзінің азаматтық және шаруашылық заңы, жеке соты және арбитражы бар. Сот төрешілері Англия, Сингапур, Гонконг сынды елдерден шақыртылады. Дәл осы жерде компаниялар арасында туындаған коммерциялық, экономикалық істер қаралады. Бұның бәрі туындаған дауларды тараптарға тиімді және әділ шешуге мүмкіндік береді. Осының барлығы Дубайды табысты әлемдік қаржы және заң орталығына айналдырды. Қазір әлемде 80 қаржы орталығы болса, Дубай небәрі он жылда Нью-Йорк, Лондон, Сингапур, Гонконг сынды орталықтармен үзегілесіп үлгерді. Бизнес алаң бүгінде әлем бойынша 17-орында. Әлемде кеңінен қолданылатын және бизнеске жақсы таныс үш құқықтық норма бар. Олар англосаксондық, континентальды және шарифат. Дубай орталығы осы үш жүйені бірдей енгізді. Әлемдегі инвесторлардың әмірлікке ағылуы осыдан. Ал құқы бұзылған жағдайда ондағы халықаралық сотқа шағымдана алады. Оның үстіне Астананың Дубай моделін таңдауы өте дұрыс болған. Себебі, онда бизнес ашуда шетелдік компаниялар үшін ешқандай әкімшілік кедергі болмайды. Мұның бәрі жұмысты жеңілдетеді. Олар Дубайдағыдай 50 жыл салықтан босатылады. ЕХРО кешеніндегі кеңселер екі жылға тегін беріледі. Ал, мұның барлығы инвестиция тартуға, жалпы ішкі өнімнің ұлғаюына себеп болуы тиіс. Дубай халықаралық қаржы орталығында инвестициялық жобалармен қатар түрлі қызмет түрлері ұсынылады [4].

Дубай халықаралық қаржы орталығының тәжірибесіне сүйенсек, орталық қаржы айналымының үштен екі бөлігін қаржы институттары, қалғанын қызмет көрсету саласы (аудит, заңгерлік кеңестер, мейманханалар) қамтамасыз етеді екен. Яғни, олар да орталықтың қатысушылары, салықтың барлық түрінен босатылған және олар үшін ешқандай әкімшілік кедергілер жоқ. Бір сөзбен айтқанда, экономикалық аймақта ірі, орта және шағын бизнестің кластері қалыптасқан. Яғни, инвесторлардың көп келуі жаңа компаниялар мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына себеп болды.

Қорытындылай келе, Қазақстанда халықаралық қаржы орталығын құру - экономика өсімінқамтамасыз ететін басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы.

[2] Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы – «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам».

[3] www.aifc.kz.

[4] <https://aikyn.kz/2017/09/30>.

Ф.Е. Керімбек¹, К.Б. Сатымбекова², З.О.Иманбаева³, Б.Б. Доскалиева⁴,

¹Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г. Астана;

²Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова, г. Шымкент;

³Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, г. Актюбе

РОЛЬ МЕЖДУНАРОДНОГО ФИНАНСОВОГО ЦЕНТРА «АСТАНА» В ЭКОНОМИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация: В статье рассматривается роль Международного финансового центра «Астана» (МФЦА) в рамках вхождения в число 30 развитых стран мира согласно Стратегии «Казахстан – 2050». Представлены шесть основных направлений деятельности МФЦА – развитие рынка капитала, управление активами, управление благосостоянием состоятельных частных лиц, исламские финансы, новые финансовые технологии, зеленые финансы. Как отмечал Президент РК, «финансовый центр «Астана» станет ядром финансовой инфраструктуры Казахстана, дальнейшим финансовым хабом для всего Центрально-Азиатского региона». МФЦА является одним из главных направлений обеспечения экономического роста.

Ключевые слова: финансовый рынок, капитал, актив, исламские финансы, зеленые финансы.

G.Kerimbek¹, K.Satymbekova², Z. Imanbaeva³, B.B. Doskalieva⁴

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University Astana;

²M.Auezov South Kazakhstan state university, Shymkent;

³K. Zhubanov Aktubinsk State University, Aktobe

THE ROLE OF THE INTERNATIONAL FINANCIAL CENTER "ASTANA" IN KAZAKHSTAN'S ECONOMIC DEVELOPMENT

Abstract: The article considers the role of the International Financial Center «Astana» (IFCA) within the framework of joining to number 30 of the developed countries of the world according to the «Kazakhstan – 2050» Strategy. Six main activities of IFCA are presented – capital market development, management of assets, management of welfare of wealthy individuals, Islamic finance, new financial technologies, green finance. As the President of Kazakhstan noted, «the financial center «Astana» will become a core of financial infrastructure of Kazakhstan, a further financial hub for all Central Asian region». IFCA is one of the main directions of ensuring economic growth.

Keywords: financial market, capital, asset, Islamic finance, green finance.

Сведения об авторах:

– Галымжан Есқараұлы Керімбек – к.э.н., доцент, зав.кафедры «Финансы», Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, kerimbek2009@mail.ru

– Катира Батиркановна Сатымбекова – к.э.н., доцент зав.кафедры «Учет и аудит», Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова, satymbekova72@mail.ru

– Зауреш Отегенқызы Иманбаева – к.э.н., доцент кафедры «Финансы и учет», Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, utegen_z_78@mail.ru

– Доскалиева Баян Беккаировна – д.э.н., профессор кафедры «Экономика и менеджмент», АО «Финансовая академия»